

«БЕКІТЕМІН»

«№281 негізгі мектебі» ЖММ
директорының орынбасарының
атқарушысы А.А.Ахманов
« 31 » 2023 ж.



«ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
АРАЛ АУДАНЫ БОЙЫНШЫ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
«№281 НЕГІЗГІ МЕКТЕБІ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

Қосымша білім беру педагогінің 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспары.



Ескіұра ауылы.

2023- 2024 оқу жылы

I. КІРІСПЕ

Балалардың бос уақытын пайдалы істерге жұмылдыруда жылдан жылға тың идеялармен мектебімізде балалар қозғалысы қарқынды дамытып келеді. Мұның өзі еліміздің гүлденуіне үлес қосар болашақ жастарымызға серпін беріп жатқан игі бастама деп қабылдаймыз.

Мектебіміздегі үйірмелер алға қойған мақсаттарын дәл айқындап нақты жоспарлар мен бағдарламаларды, қажетті жобаларды жүзеге асыруда. Мектебімізде балалардың өздерінің қызығушылығымен қатысатын Республикалық бірінғай «Жас Ұлан» балалар ұйымы жұмыс істейді. Сондай-ақ «Жас полицей» тобы, «Жас инспекторлар» тобы, «Наркобекеттер», «Жас ізденушілер», «Жас өрт сөндірушілер», «Жас құтқарушы», спорт балалар ұйымдары жетекшілеріне, қосымша білім беру педагогтарына әдістемелік көмектер көрсетіліп келеді.

Мектеп оқушылары арасында салауатты өмір салтын насихаттау, патриоттық клубтарды және әскери-спорттық ойындарды дамыту мақсатында спорттық үйірмелер ашылып, жұмысын жалғастыруда.

Болашақтың бәсекесіне қабілетті ХХІ ғасыр шәкіртін тәрбиелеу бүгінгі білім беру саласының басты мақсаты. Соған сай ұстаз - ізденімпаз ғалым, нәзік психолог, тынымсыз еңбеккер, ортаның ұйтқысы, жан-жақты шебер, терең білімді, гуманист, белсенді патриот болуы шарт, сонда ғана ұстаз қоғамның мықты да білікті, жоғарғы мәдениетті, жан-жақты дамыған, шығармашылық әлеуеті жоғары жеке тұлғаны қалыптастыра алады.

Техникалық шығармашылық жұмысының құрылымы:

- * оқушыларды ғылыми – техникалық, инновациялық шығармашылыққа бағыттау;
- * дарынды балалардың қабілеттерін шыңдап байқауларға, фестивальдарға қатыстыру;
- * топпен жұмыстану іскерлік, дағдыларын қалыптастыру

Техникалық шығармашылық үйірмелерінің мақсаты мен міндеттері:

- Жеке дара тұлғалық қасиеттерін дамыту;
- техникалық шығармашылық бағытындағы ой-өрістерін кеңейту;
- бәсекеге қабілеттілігін арттыру;
- әр түрлі материалдармен және құрылғылармен жұмыс жасай алу қабілетін қалыптастыру;
- еңбек мәдениетін меңгерту;
- кәсіби білім негіздерімен таныстыру.
- этикалық және эстетикалық тәрбие беру.

Осы орайда мектептерде қосымша білімді ұйымдастыру жалпы тәрбие барысына қалай оң әсерін тигізеді соған тоқтала кетелік. Мектеп оқушыларының сабақ материалын игеру деңгейлері, туа біткен қарым-қабілеттері мен мінез-құлықтары, отбасылық жағдайлары, шығармашылық әлеуеттері әркелкі. Көп жағдайда мектептерде жақсы оқитын оқушыларға көп көңіл бөлініп, басқаларына немқұрайлы қарап, оқушыларды жақсы және жаман деп бөлу орын

алған. Шындығында өмір сан-салалы, бұлардың қай-қайсысы да қоғамның болашақ мүшелері. Үйде ата-аналарының бақылауынсыз, мектепте мұғалімдер назарынан тыс қалған оқушылар өздерін басқа жағынан көрсетуге тырысады. Балалықпен қатарластары арасында өз мәртебесін көтеру ниетімен мұғалімдермен ерегесіп тәртіпсіздікке барады, өздерін мазалаған сұрақтардың жауабын көшеден іздейді. Міне осындай тәртібі қиын, отбасында ата-ана жылуын сезінбеген, сабаққа ықыласы нашар бірақ, бойларында жасырын мол потенциалы бар балаларды жат ағымдардың ықпалынан аман алып қалудың, теріс әдеттерден бойларын аулақ салуға тәрбиелеудің бір жолы – мектептерде қосымша білім беруді ұйымдастыру. Қосымша білім беруді ұйымдастыру тұлғаның жеке дамуына, кәсіби шеберлігін анықтауына, балалардың шығармашылық еңбекке бейімделуіне, олардың қабілеттерін көрсете білуіне, қоғамдық өмірге бейімделуіне, азаматтық өзіндік санасын қалыптастыруына барлық жағдайды жасайды. Бұл салада әр бала өз бойындағы ерекше қабілеттерін көрсетуге, өздерін қоғамға керек тұлға ретінде сезінуге мол мүмкіндік алады.

II. Қосымша білім беру педагогінің жұмысының

мақсат – міндеттері

Мақсаты:

- Өз аумағында және құқықтық немесе өзге де нормативтік құжаттармен белгіленген құзырет шегінде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іс жүзінде асыру;
- Мектеп балалар, оқушылар, жастар қоғамдық бірлестіктерін дамыту;
- Балалар, оқушылар және жастардың қоғамдық бастамаларын қолдау;
- Азаматтық құқықтар мен міндеттерді орындауға қабілетті ерікті әрі жауапты тұлғаларды қалыптастыруға бағытталған балалар мен жастардың әрекеттік ортасын ұйымдастыру;
- Мектепте оқушылары арасында салауатты өмір салтын насихаттау;
- Патриоттық клубтарды және әскери-спорттық ойындарды дамыту.

Міндеті:

- Балалардың жеке тұлға ретінде дамуы, денсаулығын нығайтуы, кәсіби таңдау жасауы, шығармашылық еңбек етуі үшін қажетті жағдай туғызу, олардың қабілеттерін іс жүзіне асыру.
- Балаларды қоғамда өмір сүруге бейімдеу;

- Өсіп келе жатырған ұрпақтың азаматтық сана – сезімін, жалпы мәдениетін, салауатты өмір салтын қалыптастыру;
- Тәрбие жұмысын кешенді жүргізу, тиімді нысандар мен әдістерді қолдану;
- Республикалық қоғамдық-саяси және мәдени өміріне қатысу қажеттілігін қалыптастыру,
- мектепте құрама командаларының іріктеу және олардың жарыстарға қатысуына ықпал жасау.

III. ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ПЕДАГОГІ ҚЫЗМЕТІ

Лауазымдық міндеттері: Қосымша білім беру саласындағы білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) әртүрлі шығармашылық қызметін ұйымдастырады, қамтамасыз етеді. Қосымша білім беру бағдарламалары мен жоспарларын әзірлеуге және іске асыруға қатысады, оның сапалы орындалуын қамтамасыз етеді. Үйірме, секция, студия, клубтық және басқа бірлестіктерге балаларды жинақтайды, оқу мерзімінің соңына дейін сол құрамды сақтауға жағдай туғызады. Психофизиологиялық мақсаттан туындайтын педагогикаға негізделген жұмыс формаларымен, құралдарымен және әдістерімен қамтамасыз етеді. Балалардың шығармашылық қабілеттерін анықтайды, оны дамытуға, кәсіби қызығушылығының тұрақты қалыптасуына, тәрбиеленушілердің тұлғалық рухани-адамгершілігін қалыптастыруға ықпал етеді.

Дарынды және талантты білім алушылармен (тәрбиеленушілермен) қатар, мүмкіндігі шектеулі балалардың дамуына қолдау көрсетеді. Оқушылардың мәдени-көпшілік шараларына қатысуын ұйымдастырады. Еңбекті қорғау, өрттен сақтану мен қауіпсіздік техникасы нормалары мен ережелерін сақтауды қамтамасыз етеді. Оқу үрдісінде балалардың өмірі мен денсаулығын сақтауға қажетті жағдай жасайды. Өзінің кәсіби біліктілігін жетілдіреді. Ата-аналарға, оларды алмастырушыларға, сол сияқты педагог қызметкерлерге қажетті кеңес береді. Әдістемелік бірлестік және басқа да әдістемелік жұмыстарға қатысады.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын, "Білім туралы", "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын, білім беруге байланысты басқа да құқықтық нормативтік актілерді; педагогика, психология теориясын, жас физиологиясын, мектеп гигиенасын, пәнді оқыту әдістемесін; тәрбие жұмысының әдістерін, бағдарламалар мен оқулықтарды; пән кабинетінің жабдықталуына қойылатын талаптарды; оқыту құралдары мен олардың дидактикалық мүмкіндіктерін; педагогика ғылымының даму бағыттарын; тәрбиеленушілердің сұранысы мен қызығушылығының даму ерекшелігін, олардың шығармашылық әрекетінің негіздерін; таланттарды іздеу және қолдау әдістерін; ойын-сауық және демалысты, спорттық-сауықтыру және бос уақытты ұйымдастырудың ғылыми-техникалық, эстетикалық әрекетінің мазмұны мен әдістерін меңгеру, үйірме, клуб, секция, клубтық бірлестіктер сабақтарының бағдарламаларын; балалар ұжымы, ұйымдары және қауымдастығы әрекетінің негіздерін, еңбек туралы заңнаманың негіздерін білу.

IV. Мектепшілік құрылған ұйымдардың жұмыстары туралы және үйірмелердің жүргізілуі

«№281 НЕГІЗГІ МЕКТЕБІ»КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІнде «Парасат» ұлдар ұйымы, «Полицияның жас көмекшілері жасағы», «Жас құтқарушы» клубы, «Заңгер» клубы, «Рауан» қыздар клубы және пәндік 12 үйірме, оқушы қызығушылығынан ашылған 3 үйірмелер жұмыс атқарады. Мектепшілік үйірмелерге 119/62 оқушы, оның ішінде әлеуметтік жағдайларына байланысты - оқушылар (аз қамтылған оқушылар, жартылай жетім оқушылар , көп балалы оқушылар) әр түрлі үйірмелерге тартылған. Жалпы мектеп оқушылары 100 % қамтылған. Бастауыш сынып оқушылары қашықтан ұйымдастырылған байқауларға қатыстырылады.

2023-2024 оқу жылында оқушылардың үйірмемен қамтылу көрсеткіші

№	Атауы	Үйірме саны	Бала саны	%
1	Пәндік	14	105/49	100
2	Мектепшілік спорт үйірмелері	3	31/13	55
3	Жалпы мектепшілік үйірмелер	17	136/62	

V. «№281 НЕГІЗГІ МЕКТЕБІ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНДЕГІ ҮЙІРМЕЛЕР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

№	Мектепшілік үйірмелер атауы	Сыныбы	Оқушы саны	Пәні	Үйірме жетшілері
Пәндік үйірмелер					
1	«Жас математиктер» үйірмесі	5-6	8/4	Математика	А.Таниберген
2	«Ғажайып химия» үйірмесі	7-9	7/2	Химия	А.Абдисахитова
3	«Жас биологтар» үйірмесі	9	7/3	Биология	А.Өсербай
4	«Поэзия әлемі» үйірмесі	5-7	10/7	Қазақ әдебиеті	М.Шаманов
5	«Юный филолог» үйірмесі	5	5/3	Орыс тілі	Н.Әзбергенова
6	«Сыйқырлы әріптер» үйірмесі	2	5/4	Әдебиеттік оқу	Г.Жакаева
7	«Мәнерлеп оқу» үйірмесі	3	7/4	Әдебиеттік оқу	Ж.Алмағанбетова
8	«Қызықты математика» үйірмесі	4	5/3	Әдебиеттік оқу	Ж.Тілеуқабылова
9	«Көркем жазу» үйірмесі	1	5/2	Әліппе	А.Байкешов
10	«Тарихи тұлғалар» үйірмесі	5-8	8/0	Тарих	Г.Ансатова
11	«Happy English» үйірмесі	5-9	9/6	Ағылшын	Г.Еламанова
12	«Жас шебер» үйірмесі	6-9	9/3	Көркем еңбек	А.Нұрмашов
13	«Сөз мергені» үйірмесі	6-9	9/3	Қазақ әдебиеті	Д.Бекжанова
14	«Сиқырлы музыка» үйірмесі	5-9	11/5	Музыка	Е.Тұрғанбаев
	Барлығы:	1-9	105/49		
Оқушы қызығушылығынан ашылған үйірмелер					
13	Футбол	5-7	12/6	Дене шынықтыру	Н.Ермахан
14	Волейбол	9-7	12/6	Дене шынықтыру	Н.Ермахан
15	Теннис	5-9	7/1	Дене шынықтыру	Н.Ермахан
	Барлығы:	5-9	31/13		

VI. ЖЫЛДЫҚ ЖОСПАРДЫҢ ЖҰМЫС БАҒЫТТАРЫ

Қосымша білім беру педагогінің жұмыс жоспары 7 бағыттан тұрады. Осы бағыттар арқылы мектептегі қызметкерлер мен оқушылар арасында байланысты әртүрлі іс-шаралар арқылы қосымша көмек көрсетеді. Оқушыларды түрлі үйірмелер арқылы еңбекке баулиды.

БАҒЫТТАР

Оқу жұмыс
жоспары

Әдістемелік оқу
жұмыс жоспары

Тәрбие іс-
шаралар жұмыс

Психологиялық
қызмет жұмыс

Жас мамандарға
арналған жұмыс

Дарынды
оқушылармен
жүргізілетін

Мүмкіндігі шектеулі
оқушылармен жұмыс

Қосымша білім беру педагогінің 2023 – 2024 оқу жылына
арналған жұмыс жоспары
6.1 Оқу жұмыс жоспары

p\c	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	Мектептегі пән бірлестік жетекшілерінің отырысын өткізіп, үйірме жетекшілерін бекіту	Қыркүйек	Қосымша білім беру маманы
2	Жеті бағыттағы үйірме жұмыстарына оқушылардың қызығушылығы бойынша тарту, тұрымысы төмен, қамқорлықты қажет ететін, мүмкіндігі шектеулі балаларды тартуға мүмкіндік жасау.	Қыркүйек	Үйірме жетекшілері
3	Үйірме жетекшілерінің жұмыс жоспарлары барысына ел президентінің халыққа жолдауын басшылыққа алуын қадағалау	Қыркүйек	Үйірме жетекшілері
4	Үйірмелердің, секциялардың ұйымдастыруларына басшылық жасау, жоспарларын бекіту	Қыркүйек	ҚББП
5	Дене шынықтыру сауықтыру бағытындағы үйірмелер сабақтарын зерделеу.	Қазан	Қосымша білім беру маманы.
6	Пән мұғалімдерінің дарынды оқушыларды анықтау туралы мәліметін алу	Қазан	ҚББП Сынып жетекшісі
7	Интеллектуалды ойындар	Жыл бойына	Тәлімгер
8	Спорттық ойындар, командалық ойындар, эстафета, достық кездесулер	Жыл бойына	Пән мұғалімдері
9	Көркем-эстетикалық бағыттағы үйірме жұмыстарын ұйымдастыру.	Желтоқсан	Қосымша білім беру маманы.
10	Әлеуметтік-педагогикалық бағыттағы үйірмелер жұмысын тексеру.	Қаңтар	Қосымша білім беру маманы.
11	Дарынды балаларды білім беру мекемелерінің ұйымдастыруымен өткізілетін іс-шараларға ғылыми жобалармен республикалық сайыстарға дайындалуына, қатысуын қадағалау	Жыл бойына	М.д орынбасарлары Пән мұғалімдері
12	Оқушылардың сабаққа қатысуын қадағалау	Жыл бойы	ҚББП
13	Жолда жүру жас инспекторы сайыстарын өткізулерін қадағалау	Ақпан	ҚББП тәлімгер
14	Мектепшілік іс-шаралардың өтілуін қадағалау	Үнемі	ҚББП тәлімгер

15	«Жас ұрпақ» ұйымының іс-шараларына қатысу	Сәуір	А.Қойбағаров
16	Үйірме жетекшілерінің шығармашылық тақырыптарын белгілеп, іс-тәжірибелерін баспасөз беттеріне жариялау.	Үнемі	А.Қойбағаров
17	Үйірме жұмыстарының қорытынды жұмыстарын жинақтау.	Желтоқсан	Үйірме жетекшілері.
18	Дарынды балалармен жұмыс жүргізу және сайыстармен байқаулар баруын қадағалау	Жыл бойы	ҚББП

6.2 Әдістемелік оқу жұмыс жоспары

р\с	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	Мектепшілік шығармашылықпен айналысатын мұғалімдердің ашық сабақтарымен мақаларын жариялау	Жыл бойына	ҚББП Пән мұғалімдері
2	Оқушылардың мақалалар жазып, баспасөз беттеріне жариялауын қадағалау	Жыл бойына	ҚББП Тәлімгер
3	Пән мұғалімдері республикалық, облыстық аудандық онлайн сайыстарға қатыстыру	Жыл бойына	ҚББП Пән мұғалімдері
4	Педагогтардың тәжірибелерін жинақтап, тарату жұмыстарын ұйымдастыру	Жыл бойы	ҚББП
5	Жаңашыл әдістемелермен таныстыру	Жыл бойы	ҚББП Пән мұғалімдері

6.3 Тәрбие іс-шаралар жұмыс жоспары

№	Жалпы шаралар	Мерзімі	Жауаптылар
1	Жалпы ұйымдастыру шаралары жұмыс жоспарын бекіту	Қыркүйек	А.Қойбағаров үйірме жетекшілері
2	1 қыркүйек білім күніне арналған іс-шараға қатысу	Қыркүйек	Үйірме жетекшілері Сынып жетекшілері
3	«Қарттарым асыл қазынам» қарттар үйіне көмек көрсету	Қыркүйек	ҚББП Үйірме мүшелері
4	«Ұлағатты ұстаз» суреттер сайысы	Қазан	ҚББП Үйірме мүшелері
5	«Үйірмеден үйренеріміз көп» үйірме жетекшілері арасында тәжірибе алмасу	Қазан	А.Қойбағаров үйірме жетекшілері
6	«Көңілді күз» отбасылық фотосуреттер онлайн байқауы	Қараша	Үйірме жетекшілері Сынып жетекшілері
7	«Назар аударыңыз, балалар!» жол ережелерін алдын алуға бағытталған ең үздік плакаттар конкурсы (әлеуметтік желіге жариялау)	Қараша	ҚББП Үйірме жетекшілері Сынып жетекшілері
8	«Қатыгездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» атты ақпараттық науқан (түсіндірме жұмыстарын жүргізу) семинар	Желтоқсан	ҚББП Үйірме жетекшілері Сынып жетекшілері
9	«Мейірімді жүрек» жаңа жылдық акциясы	Желтоқсан	ҚББП Үйірме жетекшілері Сынып жетекшілері
10	«Тәртіпсіздік пен құқықбұзушылыққа мүлдем төзбеушілік» күні	Қаңтар	ҚББП Үйірме жетекшілері

			Сынып жетекшілері
11	"Бағдаршам-2023" жас қозғалыс инспекторларының жиналысы	Қаңтар	ҚББП Үйірме жетекшілері Сынып жетекшілері
12	"Бала еңбегін қанауға жол жоқ" акциясы	Ақпан	ҚББП Үйірме жетекшілері Сынып жетекшілері
13	«Аяулы менің анашым» атты аналарды құттықтау жеделхаттар байқауы.	Наурыз	ҚББП Үйірме жетекшілері Сынып жетекшілері
14	«Қош келдің, Наурыз» атты мерекелік отбасылық фотосуреттер байқауы	Наурыз	ҚББП Үйірме жетекшілері Сынып жетекшілері
15	«Егер мен полицей болсам ...» үздік эссе байқауы	Сәуір	ҚББП Үйірме жетекшілері Сынып жетекшілері
16	"Қазақстанның болашағы нашасыз" суреттер байқауы	Сәуір	ҚББП Үйірме жетекшілері Сынып жетекшілері
17	«Қол өнер – зор өнер» атты көрме	Мамыр	ҚББП Үйірме жетекшілері Сынып жетекшілері
18	«Қош бол мектебім» кеш	Мамыр	ҚББП

6.4 Психологиялық қызмет жұмыс жоспары

№	Жалпы шаралар	Мерзімі	Жауаптылар
1	Ата-аналармен консультативтік жұмыс: -кеңестер, нұсқаулықтар беру (әлеуметтік желіде)	Жыл бойы	ҚББП Психологтар
2	Педагогтармен және тәлімгерлермен жұмыс: - әдістемелік нұсқаулықтар (әлеуметтік желі арқылы)	Жылына 1 рет	ҚББП Психологтар Үйірме жетекшілері Сынып жетекшілері
3	Қиын оқушыларды үйірмеге тарту	Жыл бойы	ҚББП Психологтар Үйірме жетекшілері Сынып жетекшілері
4	Ағартушылық, әдістемелік ұйымдастыру жұмысы: -жоспарлар, бағдарламалар, әдістемелік нұсқаулықтар құру, материалдар жинақтау	Жыл бойы	ҚББП Психологтар Үйірме жетекшілері Сынып жетекшілері
5	Ұжыммен жұмыс: -әкімшіліктің, ұжымның жұмыс деңгейін көтеру бойынша тренингтер ұйымдастыру	Жылына 1 рет	ҚББП Психологтар Үйірме жетекшілері Сынып жетекшілері
6	Дарынды балалармен жұмыс: -танымдық-интеллектуалдық ойындар өткізу, тестілеу, әңгімелесу, тренинг жүргізу	Жыл бойы	ҚББП Психологтар Үйірме жетекшілері Сынып жетекшілері

6.5 Жас мамандарға арналған жұмыс жоспары

№	Жалпы шаралар	Мерзімі	Жауаптылар
---	---------------	---------	------------

1	Интерактивті тақта сабақ жасау жолдары туралы отырыс ұйымдастыру	Қараша	ҚББП
2	<u>Оқытуды ұйымдастырудың нысандары</u>	Қаңтар	ҚББП
3	Өзара білім көтеру туралы жарнамалау	Қаурыз	ҚББП
4	Жаңа инновациялық сабақ түрлері	Мамыр	ҚББП

6.6 Дарынды оқушылармен жүргізілетін жұмыстар жоспары

№	Жалпы шаралар	Мерзімі	Жауаптылар
1	Байқау, тренинг, конференция, жұмыстарына қатынасу;	Жыл бойы	ҚББП Үйірме жетекшілері
2	Бағыттар бойынша мектеп оқушыларының облыстық сайыстарына;	Жыл бойы	ҚББП Үйірме жетекшілері
3	Шығармашылық кездесулер ұйымдастыру	Жыл бойы	ҚББП Үйірме жетекшілері Пән мұғалімдері
4	Ғылыми-ізденіс және тәжірибелік жұмыстар:	Жыл бойы	ҚББП Үйірме жетекшілері
5	Тәжірибелік жұмыстар	Жыл бойы	ҚББП Үйірме жетекшілері Пән мұғалімдері

6.7 Мүмкіндігі шектеулі оқушылармен жұмыс жоспары

№	Жалпы шаралар	Мерзімі	Жауаптылар
1	Мүмкіндігі шектеулі оқушыларды мектепшілік үйірмелерге тарту	Жыл бойы	ҚББП Үйірме жетекшілері Психологтар
2	Мүмкіндігі шектеулі оқушыларға әдістемелік көмек беру	Жыл бойы	ҚББП Үйірме жетекшілері Психологтар
3	«Бақытты балалық шақ» мүмкіндігі шектеулі оқушылармен саяхат жасау	Жыл бойы	ҚББП Үйірме жетекшілері Психологтар
4	Мүмкіндігі шектеулі оқушыларды мектепшілік іс-шараларға қатыстыру	Жыл бойы	ҚББП Үйірме жетекшілері Психологтар
5	Мүмкіндігі шектеулі оқушыларды аудандық байқауларға қатыстыру	Жыл бойы	ҚББП Үйірме жетекшілері Психологтар